

«КІТАП ОҚУҒА БАУЛУ»»

тақырыбы бойынша оқу кейсі.

A yellow rectangular sign is mounted on a light-colored wall. The sign contains two lines of text in blue Kazakh script. The first line reads 'Қазак казакпен' and the second line reads 'қазакша сөйлесейік.' The sign is slightly tilted to the right. The entire image is framed by a white border with a purple shadow effect, suggesting it's a photo of a photo.

Қазак казакпен
қазакша сөйлесейік.

Қазақ тілі- ана
тілі.

Өз тіліңді
өшірме!!!
Өшіргенді
кішірме!!!

СӨЗДІК.



СҰРАҚТАР.

Мәтіндегі әрбір кейіпкеге сиппатама беріңіз.

Қазіргі қоғамда кітаптың маңыздысы қандай?

Жасөспірімдерді кітап оқуға баулу не үшін керек?

Сол мәселені шешу үшін қандай өзгерістерді қабылдау керек?

Сіз көп кітап оқисыз ба?

ЖАҒДАЯТ - 1



Биылғы жылы да Астанадан келген немерелерім Қазыбек пен Арайлым жазғы демалысын Таразда өткізді. Қалыпты жағдайда демалыс кезінде олар телевизор көреді, компьютерде ойнайды, ролик тебеді, суға шомылады. Байқаймын, өкінішке орай, балаларым кітап оқымайды. Ескертіп айтып, кітап та ұсынып көрдім. Нәтиже болмады. Дегенімен, биылғы жаз ерекше өтті. Тамыз айында Көкшетауда өткен Республикалық ҮІ Ұлттық Оқу конференциясына барып қайттым. Оқу конференциясына қатысушыларына Қазақстан Оқу Ассоциациясы «Шығыстың ұлылары» сериясы бойынша шыққан «Абылай хан» кітабын сыйға тартты. Құнды сыйлықты немерелерім қызыға қарады. Қазыбек кітапты қолына алып мұқабасындағы атқа мініп тұрған Абылайханның суретіне қарап «О, Абылайхан» деп айқайлап жіберді «Кәне», деп Арайлым да оған қосылды.

ЖАҒДАЯТ -2



Мектеп кітапханасында мақалада жазылған критерийлерге сай “Мөде қаған” атты кітап бар болып шықты. Отбасылық оқу клубы мүшелері үш баламнан және өзімнен басқа олардың анасы Әсемгүл болып оқуға кірістік. Оқырман ретінде Әлішер кіші болғанмен алғыр, сабақ үлгерімі жоғары, ақпаратты тез қабылдайды.

Клуб мүшелерін жинап алып бүгіннен бастап осы кітапты бәріміз бірге оқитынымызды жарияладым.

ЖАҒДАЯТ-3



Ақбота өзінің фамилиясын грантқа түскендер арасынан тауып алғанда, қуанышында шек болған жоқ. Әрине, үш жылдан бері түсе алмай, биыл ғана өзі армандаған оқуына қол жеткізіп отыр.

Көзді ашып жұмғанша бірінші семестр де аяқталып, сессия басталды. Кредиттік жүйе бойынша білім алып жатқан студенттер барлық сабақтан емтихан тапсырады. Ақбота тоғыз сабақтан емтихан тапсыратын болды. Көптеген достары сабақ аяқталысымен машиналарына мініп, кетіп қалатын. Ал, Ақбота болса күнде сабақтан кейін қалып, кешке дейін кітапханада отырып дайындалатын. «Білім - кітапта, кітапты көп оқу керек» деп өзіне ұран етіп алған Ақбота, сессиясын өте жақсы жауып, ауылына кетті. Ақботаның курстастарының көбі сессияларын тапсыра алмай, жазғы семестрге қалды.

Ақбота көп кітап оқитын, соңғы ақпараттардан хабардар болып жүретін білімді азаматша болып өсті. Университетті үздік аяқтап, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына жұмысқа заңгер болып жұмысқа орналасты. Жалақысы да жоғары, қызметі де жақсы жұмысты тапқанына Ақбота өте риза еді. Жұмысқа орналасуға келген төрт адамның ішінен Ақбота білімімен озып, бірден көзге түсті.

Ақбота өзінің білімінің, мақсатына жете білетін қайраттылығының арқасында ол күнді де жақындата түсетініне сенімді еді...

ҚОСЫМША АҚПАРАТ.

Қазыбектің жасы 10

Арайлымның жасы 11

Көкшетау қаласында жазғы демалыс өткізіп жүр.

Әлішердің жасы 14

Әсемгулдің жасы 37

Ақбота 18

Ең үздік оқитын бала

Жетім бала

ШЕШІМДЕР:

- ❖ Баланың кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту үшін мектепте қазақ ақын - жазушыларының шығармаларына арналған акциялар өткізудің пайдасы мол. Мәселен, «Мағжанның оралуы» сияқты ақын шығармашылығына арналған поэзиялық марафонды ұйымдастыру, «Ұйықтаған көңілді ән оятар» атты әдеби кешті өткізу.
- ❖ Бастауыш сыныптардан бастап баланы кітапханаға тарту керек. Осы тұрғыдан біздер «Сенің бірінші кітабың» секілді кітап көрмелерін ұйымдастырып тұрамыз.
- ❖ Жазғы маусымға арнап «Жаз, кітаптар және мен - айнымас достармыз» атты бағдарламамен жұмыс өткізу маңызды. Бағдарламаның мақсаты: жазғы маусым кезінде оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын ояту, оқырмандық деңгейін көтеру.
- ❖ Жыл сайын оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Жыл оқырманы» атты байқау өткізіліп тұрады. Байқаудың ережесі жасалынып, оқылған кітаптың сапасы мен санын арттыру мақсатында күнделік жүргізіледі. Сонымен қатар, ай сайын «Оқырмандар рейтингісі» шығарылып, ең үздік оқырман, ең үздік сынып атты қорытынды шығарылып отырады.
Б. Мейрамова, №16 қазақ орта мектебінің кітапхана меңгерушісі

- Бала бөлмесіне арнайы кітапхана үшін бұрыш жасақтау;
- Алғашқы кітап сатып алған күні әдемі дәптерді қоса алу. Дәптерге өзінің танысқан, оқыған кітаптарын тізімін жаздыруға әдеттендіру керек;

- Әрбір мереке, атаулы күндер немесе сәті түскенде бала оқымаған, оның кітапханасында жоқ, оқуға деңгейі жететін кітаптарды сыйға тарту. Сол арқылы кітап бағасын толыту. Кітаптан артық сыйлық жоқ екенін ұғындыру.

- Тек кітапшалармен шектелмей баспасөз бетіндегі балаларға арналған беттерді көрсету, оқуға кеңес беру. Сол әңгіме, ертегілерді не жұмбақты іні-қарындастарына, үлкендерге дауыстап оқыту, түсінігін сұрау;
- Үйде кітап оқуға жағдай туғызу;

- Алғашқы күннен баланың күн тәртібіне қатаң көңіл бөлу. Аптаның жеті күніндегі әрбір сағат сабаққа, ойынға, кітап оқуға, үй шаруасы шамасына, жас деңгейіне, қабілетіне қарай бөлініп берілуі керек.



**Еліміз көлемінде
Өкіметіміздің іс-
қызмет
бағдарламасы мен
Еліміз президентінің
«Кітап мерекесі»
күндігін белгілеу
туралы жарлығын
іске асыру, жастар
мен жасөспірімдердің
кітап оқуға
қызығушылығын
арттыру
мақсатында
2012-2013 жылы 3
сатымен «Кітап»
бағдарламасы жүзеге
асырылып жатыр.**

100 %

ҚАЗАҚША

**НАЗАР АУДАРЫП,
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢ
ЫЗҒА
РАҚМЕТ!**